

«ҚазРоботикс» Қазақстандық білім беру және спорттық робототехника
Федерациясының қамқорлығымен «KazRoboProject-2018» робототехника
бойынша ғылыми-техникалық жобалардың Республикалық байқауын өткізу
туралы ереже

«Қазроботикс» РҚБ Федерациясының Төралқасымен
2019 жылғы 08 ақпанда бекітілді

Астана 2019

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Робототехника бойынша республикалық ғылыми-техникалық жобалар байқауын өткізу туралы осы ереже жобаларды өткізу, бағалау және жеңімпаздарды анықтау, қатысушыларды марапаттау мақсатын, міндеттерін, тәртібін анықтайды.
- 1.2. «KazRoboProject-2019» ғылыми-техникалық жобалар байқауы (бұдан әрі-Байқау) «ҚазРоботикс» федерациясының қамқорлығымен Қазақстанда робототехниканы дамыту бағдарламасының бір бөлігі болып табылады және жыл сайын өткізіледі.
- 1.3. Робототехника бойынша Республикалық ғылыми-техникалық жобалар байқауын ұйымдастырушы – «ҚазРоботикс» Қазақстандық білім беру және спорттық робототехника федерациясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі.
- 1.4. Байқау кезеңдері: **іріктеу** (аймақтық) және **финал** (республикалық). Байқаудың іріктеу кезеңі Қазақстан Республикасының облыстарында (өңірлерде) және Республикалық маңызы бар қалаларында екінші тоқсанда өткізіледі. Байқаудың финалы күзде облыс орталықтарының бірінде немесе Республикалық маңызы бар қалада Чемпионаттарды өткізу жоспарына және Федерацияны дамыту тұжырымдамасына сәйкес өткізіледі.
- 1.5. Республикалық кезеңге Байқаудың іріктеу кезеңінің санаттарында бірінші орын алған қатысушылар шақырылады.
- 1.6. Байқаудың ресми сайты: www.project.kazrobotics.org
- 1.7. Байқаудың іріктеу кезеңі екі жас санаты бойынша өткізіледі:
 - Бірінші жас санаты 10-15 жас (туған жылын қоса алғанда)
 - Екінші жас санаты 16-21 жас (туған жылын қоса алғанда).
- 1.8. Жобаны **ұсынатын** команданың құрамы - 2 адам.
- 1.9. Қолданылатын терминдер:
 - **Робот** – автоматы түрде басқарылатын және айқын тапсырманы шешуге арналған дербес мобильді немесе стационарлық құрылғы.
 - **Роботталған жүйе** – кейбір механикалық операцияларды бағдарламалық басқару принципін пайдаланатын жартылай автоматты (автоматтандырылған) құрылғы.
 - **Ұйымдастыру комитеті** – бұл Байқауды дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру іс-әрекеттерін жүзеге асыратын, аймақтық жұртшылық өкілдерінен ұйымдастырушы басшылығымен құрылған алқалы орган.
 - **Команда** – бұл оқушылар, студенттер, аспиранттар, жас қызметкерлер ұжымы.

- **Команданың жетекшісі** – командаға әкімшілік басшылықты жүзеге асыратын, іріктеу чемпионатын ұйымдастырушылар мен басқа да ұйымдар алдында оның мүдделерін білдіретін, сондай-ақ команда қатысушыларының тиісті тәртібіне бақылау жасайтын және жауапты болатын уәкілетті тұлға (18 жас және одан жоғары). Команда жетекшісі жобаны таныстыруды жасауға тікелей қатыспайды.
 - **Еріп жүруші** – команданың кәмелетке толмаған қатысушыларының тәлімгері қызметін атқаратын уәкілетті тұлға (18 жас және одан жоғары). Кәмелетке толмаған қатысушылардың ата-аналарының/қамқоршыларының сенімхаттары негізінде ол өз құрама командасының қатысушыларының қауіпсіздігі, денсаулығы мен тәртібіне жауап беруі тиіс. Жетекші жетекшінің және еріп жүрушінің қызметін қоса атқара алады.
 - **Жобаның ғылыми жетекшісі** – команда қатысушыларының оқу орнының профессор-оқытушылар құрамы арасынан іріктеледі немесе жобаның тақырыбына қатысты облыстағы кәсіпорындар мен ұйымдардың жоғары білікті мамандары арасынан тартылады. Командаға жоба тақырыбын таңдауға және оны іске асыру үшін пайдаланылатын техникалық құралдарды анықтауға көмектеседі. Жұмыстың күнтізбелік кестесін жоспарлауға жәрдемдеседі, қажетті әдебиеттерді ұсынады, консультациялар өткізеді, келісілген жоспар бойынша жұмыс барысын бақылайды. Жобаны байқауға қатысуға ұсынады.
 - **Сарапшы** – жобаларды алдын ала іріктеу кезеңінде мәлімделген жобаларды іріктеуге және бағалауға тартылған кәсіпқой маман.
 - **Сараптау комиссиясы** – мәлімделген жобаларды іріктеу мен бағалауға тартылған ғылым мен техниканың түрлі бағыттары өкілдерінің тобы.
 - **Қазылар алқасы** - ғылыми-техникалық жобаларды таныстыру кезеңінде мәлімделген жобаларды бағалауға тартылған ғылым мен техниканың түрлі бағыттары өкілдерінің тобы.
 - **Қазылар алқасының мүшесі** – ғылыми-техникалық жобаларды таныстыру кезеңінде байқауға ұсынылған жобаларды бағалау үшін тартылған тұлға.
- 1.9. Байқауға қатысуға робототехника саласындағы өзінің авторлық әзірлемесін, оның ішінде практикалық немесе зерттеу (ғылыми) мақсатына жету үшін қатысушылардың өздері жасаған (әзірлеген) бағдарламалық қамтамасыз етуді ұсынатын командалар жіберіледі.
- 1.10. Өнеркәсіптік әзірлемелер, "стандартты дизайнды" толығымен қайталайтын құрылғылар, еркін сату мақсатында сериялық түрде шығарылатын немесе қолжетімді басшылық бойынша (сипаттама, нұсқаулықтар) дайындалған робототехникалық бұйымдар қатысуға жіберілмейді.
- 1.11. Байқауға қатысушы мәлімдеген құрылғы микроконтроллер немесе компьютер базасындағы бағдарламалық басқару жүйесімен жабдықталуы керек, ол роботтың іс-әрекетін бақылауы тиіс.
- Жартылай автоматты құрылғы жағдайында басқару алгоритмін (мысалы, бет бойынша қозғалыс бағытын) таңдауды оператор басқару пульті арқылы жүзеге асыра алады.

Кез келген жағдайда ұсынылған құрылғы шешім қабылдау үшін датчиктерден ақпаратты өңдеуге негізделген интеллектуалды басқару алгоритмін қолдануы керек, мысалы, қозғалысқа кедергі болуын бақылау үшін.

- 1.12. Командалар байқауға қатысуға ұсына алады:
 - Нақты практикалық тапсырманы шешу үшін әзірленген роботтар мен роботталған жүйелер.
 - Практикалық, білім беру немесе ойын-сауық мақсатымен жасалған және тірі тіршілік иелерінің түрі мен мінез-құлқын имитациялайтын күрделілігі жоғары механикалық (электромеханикалық) басқару жүйесі бар құрылғылар (автоматондар).
 - Робототехникада пайдаланылатын технологияларды зерттеу мақсатында құрылған құрылғылар, оның ішінде роботтар мен роботталған жүйелердің жетектері мен тораптарының прототиптері.
 - Қолданбалы робототехника саласындағы практикалық немесе зерттеу міндеттерін шешу мақсатында құрылған бағдарламалық-аппараттық кешендер, оның ішінде навигация және компьютерлік көру жүйелері.
- 1.13. Ұсынылған конфигурацияда айқын практикалық құрамдас бөлігі жоқ әзірлемелер қарастырылмайды (бағаланбайды). Робот (құрылғы) міндетті түрде нақты тапсырманы, тіпті тұрмыстық сипаттағы мәселені шешуге қабілетті болуы керек. Сондықтан бөлмеде шаң жинайтын робот болашақтың ғарыш станциясының макетіне қарағанда әлдеқайда үлкен қызығушылық тудырады.
- 1.14. Жарысқа кез келген конструкторлық платформа негізінде жарысқа қатысушылар жинаған роботтар жіберіледі.
- 1.15. Қатысудың міндетті шарты өнер көрсету кезінде байқау алаңында жұмыс істейтін роботты **көрсету** және команданың оны экспонаттауға дайындығы болып табылады.
- 1.16. Байқау **екі** кезеңде өткізіледі: алдын ала (сырттай), жобаны қорғау (көзбе-көз)
- 1.17. Екі кезеңнің бағалары жинақталады, алынған нәтижелер бойынша жеңімпаздар анықталады.
- 1.18. Жобаларға қойылатын талаптар:
 - Жоба команданың өзіндік шығармашылық жұмысы болуы тиіс.
 - Жоба екі бөлімнен тұрады: теориялық және практикалық. Жобаның **теориялық** бөлігі - түсіндірме жазба, ал **тәжірибелік** бөлігі - құрылғының нақты моделі.
 - **Өзектілік** - кез келген жобалық жұмысқа міндетті талап. Оның негіздемесі жобаның маңыздылығын және болжамды нәтижелерді бағалауды қамтиды, оларды практикада пайдалану мүмкіндіктері ашылады.
- 1.19. Байқаудың іріктеу турының жеңімпаздары алынған ұсыныстарды ескере отырып, өз жобасын пысықтауға және оны Республикалық Байқауда ұсынуға мүмкіндік алады.

2. БАЙҚАУДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. Қазақстан Республикасында білім беру және спорттық робототехниканы дәріптеу.

- 2.2. Балалар мен жасөспірімдерде ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті дағдыларды дамыту.
- 2.3. Ғылыми-техникалық шығармашылықты дәріптеу және жастар арасында инженерлік мамандықтардың беделін арттыру.
- 2.4. Жастардың өзекті инженерлік-техникалық міндеттерді практикалық шешу және техникамен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.
- 2.5. Инновация мен жоғары технологиялар саласына балалар мен жастардың қызығушылығын ынталандыру.
- 2.6. Дарынды жастарды анықтау, іріктеу және қолдау.
- 2.7. Инновация және жоғары технологиялар саласындағы жастар кәсіпкерлігін көтермелеу.
- 2.8. Ел экономикасының түрлі салаларының алдында тұрған мәселелер мен міндеттер үшін өзіндік шешімдерді іздеу.
- 2.9. "KazRoboProject-2019" робототехника бойынша Республикалық ғылыми-техникалық жобалар конкурсына қатысу үшін үздік жобаларды анықтау және облыстың (өңірдің, республикалық маңызы бар қаланың) құрама командаларын қалыптастыру.

3. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

- 3.1. Байқауды ұйымдастыруды және басқаруды Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.
- 3.2. Ұйымдастыру комитеті Байқауды ұйымдастырушымен қалыптастырылады және келесі функцияларды орындайды:
 - Байқауды өткізу ережесі мен тәртібін анықтайды;
 - арнайы номинацияларды бекітеді;
 - Байқауды өткізудің күнтізбелік жоспарын (бағдарламасын) бекітеді;
 - қосымша командалардың байқауға қатысуы туралы арнайы шешімдер қабылдай алады;
 - сараптама комиссиясының құрамын бекітеді;
 - демеушілерді іздестіруге және тартуға қатысады;
 - осы ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шешімдер қабылдайды.
- 3.3. Сараптау комиссиясы және Байқаудың қазылар алқасы Ұйымдастыру комитетімен тағайындалады. Сараптау комиссиясына және Байқаудың қазылар алқасына кіре алады:
 - «ҚазРоботикс» РҚБ өкілдері.
 - Орталық және аймақтық мемлекеттік билік органдарының өкілдері.
 - Робототехника, автоматтандыру және мехатроника саласының мамандары.
 - Экономиканың жоғары технологиялық салалары кәсіпорындарының өкілдері.
 - Ғылыми қауымдастық өкілдері.
 - Түрлі кәсіби бағыттағы мамандар.

- 3.4. Сараптау комиссиясының мүшелері және байқаудың қазылар алқасы үлестес тұлғалар, яғни байқау нәтижелеріне тікелей мүдделі тұлғалар қатарынан тағайындала алмайды.
- 3.5. Команда жетекшілері байқау өтетін жерге бару, оны өткізу кезінде және тұрғылықты жеріне қайту жолында балалардың өмірі мен денсаулығы үшін жауапты болады.
- 3.6. Байқауға қатысуға байланысты барлық шығындарды демеуші ұйымдар көтереді.
- 3.7. Байқау туралы барлық ақпарат, оның ережелері мен өткізу тәртібі байқаудың ресми сайтында орналасқан.

4. ТІРКЕУ ТӘРТІБІ

- 4.1. Команда Байқау сайтында ұйымдастырушы белгілеген мерзімде электрондық **өтінім** беруі тиіс.
- 4.2. Электрондық Өтінімде келесі ақпаратты ұсыну қажет:
 - Елді мекен;
 - Оқу орнының атауы;
 - Жобаның атауы және қысқаша сипаттамасы (бір-екі сөйлем жеткілікті);
 - Қатысушылардың және еріп жүруші тұлғаның аты-жөні;
 - Қатысушылардың байланыс деректері;
 - Ғылыми жетекшінің деректері;
 - Жоба материалдарының мұрағатына сілтеме, оның ішінде мәтіндік сипаттама және 2 минуттық бейне.
- 4.3. Қатысушылар ұсынған барлық материалдар Сараптау Комиссиясының қарауына беріледі.
- 4.4. Сараптау комиссиясы жобаларды алдын ала (сырттай) іріктеу мен бағалауды жүргізеді және жобаларды келесі кезеңге жібереді.
- 4.5. Жобалары алдын ала іріктеуден өткен командалар байқаудың көзбе-көз кезеңіне – жобаларды қорғауға шақырылады.
- 4.6. Байқаудың турына қатысуға көзбе-көз тіркеу командалар келген күні іс-шара өтетін мекенжай бойынша өткізіледі.
- 4.7. Тіркеу кезінде қатысушылар келесі құжаттарды ұсынады:
 - Қатысушыларды ұсынған мекеме әкімшілігі куәландырған, қатысушылардың, жетекшілер мен еріп жүруші адамдардың тізімі бар, басып шығарылған құжат;
 - Әр қатысушының жеке басын куәландыратын құжат (құжаттың түпнұсқасы және оның көшірмесі);
 - Денсаулығы туралы медициналық анықтама.
- 4.8. Қатысушыларды тіркеу іс-шара басталғанға дейін 1 сағат бұрын аяқталады.
- 4.9. Байқаудың аймақтық іріктеу турына қатысушы командалар саны шектелмеген.

5. ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- 5.1. Жобаны көрсету үшін жұмыс кеңістігі (үстел және орындықтар, 220В электр желісіне қосылу) ұсынылады.
- 5.2. Қатысушылардың ақпараттық мазмұнмен толтырылған плакаттың көмегімен стендті міндетті түрде ресімдеуі көзделеді:
 - жобаның атауы.
 - негізгі тезистері.
 - базалық құрылғының бейнесі.
- 5.3. Байқауға қатысушылар өз жұмыстарын жеке қорғайды. Жобаны қорғау байқаудың қазылар алқасына жобаны таныстыру түрінде өтеді. Қатысушыларға ауызша таныстыруға және жобаның жұмыс қабілеттілігін көрсетуге 5 минут, сондай-ақ қазылар алқасының сұрақтарына жауап беру үшін 5 минут беріледі (ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша уақыт өзгертілуі мүмкін).
- 5.4. Команда жетекшісі жобаны таныстыруға қатыса алмайды.
- 5.5. Жоба барлық іс-шара барысында ұйымдастырушылар бөлген жұмыс кеңістігінде көрсетілуі тиіс.

6. ЖОБАЛАРДЫ БАҒАЛАУ

- 6.1. Жоба Байқау кезеңі шеңберінде көзбе-көз қорғауға рұқсат алу үшін өтінімде ұсынылған материалдар бойынша сырттай алдын ала іріктеуден өтеді.
- 6.2. Құрамын Ұйымдастыру комитеті бекітетін сараптау комиссиясы алдын ала іріктеуді жүргізеді.
- 6.3. Сарапшылар мен Байқаудың қазылар алқасының жұмысына бөгде араласуларға жол берілмейді.
- 6.4. Жобаларды алдын ала іріктеуді сараптау комиссиясы мынадай өлшемдер бойынша жүргізеді:
 - Өзектілігі, жаңашылдығы 0-5 балл,
 - Техникалық күрделілігі, 0-5 балл,
 - Өтінімде ұсынылған жобаның сипаттамасы материалдарының сапасы, 0-5 балл (фото, сипаттама (мәтін), бейне, таныстыру файлы)
 Алдын ала іріктеуден өтпеген жобалар 0 балл баға алады және Байқаудың көзбе-көз іріктеу кезеңіне жіберілмейді.
- 6.5. Байқаудың көзбе-көз кезеңінде қазылар алқасы жобаларды келесі критерийлер бойынша бағалайды:
 - Қойылған міндетті орындау 0-5 балл,
 - Жобаны таныстыру, 0-5 балл,
 - Жобаның эстетикасы, 0-5 балл.
- 6.6. Жобаның қорытынды бағасы сараптау комиссиясы мен Байқаудың қазылар алқасының балдарын қосу негізінде қойылады.
- 6.7. Байқаудың іріктеу турының нәтижелері жабылу салтанатында жарияланады.
- 6.8. Барлық қатысушылар қатысушы сертификаттарын алады, жеңімпаздар мен номинанттар Федерацияның дипломдарымен марапатталады.

6.9. Демеушілердің ерекше назарын аударған жобалар Ұйымдастыру комитетінің келісімімен арнайы марапаттар ала алады.

7. ЖОБАЛАРДЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

7.1. Жоба негізгі тақырыпқа жауап беруі тиіс – қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттыру.

8. ЖОБАНЫ РЕСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ

8.1. Титулдық парақта келесі ақпарат болуы тиіс:

- Мекеме.
- Жобаның атауы
- Жобаның авторы (тегі, аты, сынып/курс)
- Ғылыми жетекші (Т.А.Ә., лауазымы),
- Жылы.

Титулдық парақтың үлгісі 1-Қосымшада келтірілген.

8.2. Жоба сипаттамасының мазмұны:

- кіріспе (мәселе, оның өзектілігі);
- әзірленген жобаның ғылыми негіздемесі (техникалық объектінің әрекет ету қағидасын түсіндіру, жаңашылдық элементтері, құрылғыдағы немесе технологиядағы оңтайландыру);
- жобаны іске асыру кезеңдері (технологиялық карталар, сызбалар, схемалар қоса беріледі, материалдарды таңдау, құралдарды, жабдықтарды іріктеу негізделеді);
 - жобаның экономикалық және экологиялық негіздемесі;
 - жұмыстарды орындау кезіндегі техника қауіпсіздігі;
 - әдебиет тізімі;
 - қосымшалар.

8.3. Мәтін мөлшері 8-10 беттен кем емес.

8.4. Мәтінді ресімдеуге қойылатын талаптар:

- А4 форматы
- Times New Roman қарпі, 14 кегль,
- жоларалық интервал бір
- беттің сол жақ жиегі 2 см, қалған жиектер 1 см.
- Беттер нөмірленуі тиіс.
- Титулдық параққа бет нөмірі қойылмайды, келесі беттердің нөмірленуі 2 нөмірінен басталады.

8.6. Жоба эстетикалық ресімделуі тиіс, ал қолданыстағы модельдер мен құрылғылар еңбек қауіпсіздігі мен санитарлық гигиена талаптарына жауап беруі тиіс. Суреттер мен сызбалар сапалы және кереғарлы болуы тиіс.

9. ҚОСЫМША ШАРТТАР

- 9.1. Барлық қатысушылар Ұйымдастыру комитетінің және қауіпсіздік қызметінің уәкілетті қызметкерлерінің талабы бойынша Байқауды өткізу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша құжаттар мен ақпаратты ұсынуы тиіс.
- 9.2. Қатысушылар мен командалардың пайдаланатын мәтіндерінде қандай да бір түрдегі жарнамалық сипаттағы мазмұн бар болса, қатысушылар оны Ұйымдастыру комитетінің өкілімен іс-шара басталғанға дейін алдын ала келісуі тиіс. Демеушілердің жарнамаларының мазмұны мен орналастырылуы да Байқау басталғанға дейін Ұйымдастыру комитетімен келісілуі тиіс.
- 9.3. Барлық роботтар мен құрылғылар қоршаған адамдарға, басқа роботтар мен құрылғыларға ешқандай зиян келтірмейтіндей етіп жасалуы тиіс.
- 9.4. Іс-шараны өткізу кезінде қатысушыларда ұйымдастырушылар ұсынған кеудеге тағылатын ақпараттық бейдждер болуы тиіс.
- 9.5. Байқауға қатыса отырып, қонақтар, қатысушылар, жауапты тұлғалар іс-шараларда тікелей рұқсатсыз фото және бейне түсірілімдер жүргізілетініне, сондай-ақ конкурс нәтижелері ҚР-да робототехниканы танымал ету және «КазРоботикс» білім беру және спорттық робототехника Федерациясының даму бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында пайдаланылуы мүмкін екендігіне келіседі.
- 9.6. Байқау өткізу аймағында ұялы телефондарды пайдалануға, соның ішінде аккредитацияланбаған БАҚ-тарға, қатысушылар мен қонақтарға фото және бейнетүсірілім жасауға шек қойылады (роботтардың іс-әрекетіне әсер ететін кедергілерді қысқарту үшін).

10. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ ЕРЕКШЕ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Ұйымдастыру комитеті өз құқығын сақтайды:

- 10.1. Байқау кезеңінің өткізілу шарттары мен мерзімін, оның басталуына дейін 2 (екі) аптадан кешіктірмей ресми сайтта өзгерістер туралы хабарлау арқылы, түзету.
- 10.2. Конкурс бағдарламасына, оның басталуына дейін 2 (екі) аптадан кешіктірмей ресми сайтта өзгерістер туралы хабарлай отырып, қосымша іс-шараларды енгізу.
- 10.3. Қосымша номинацияларды, атақтар мен жүлделерді тағайындауға, сондай-ақ ұйымдастырушылардың, демеушілердің және басқа да мүдделі ұйымдардың және тұлғалардың арнайы жүлделерді тапсыруына рұқсат беру.
- 10.4. Байқау өткізу ережесін бұзғаны үшін қатысушылар мен командаларды шығарып тастау.
- 10.5. Жеке судьялардың немесе судья алқасының өз өкілеттіктерін асыра пайдалануы анықталған байқау кезеңдерінің нәтижелерін жою.
- 10.6. Ұйымдастыру комитеті қатысушыға немесе басқа біреуге қабылданған шешімнің себебін түсіндірмеуге құқылы.

11. КЕЛУШІЛЕР МЕН ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Байқауға келушілер мен қатысушылар міндетті:

- 11.1. Байқауды өткізу орнында тазалық пен тәртіпті сақтауға.

- 11.2. Қауіпсіздік техникасын өз бетінше сақтауға.
- 11.3. Қоғамдық тәртіпті және жалпы қабылданған тәртіп нормаларын қатаң сақтауға.
- 11.4. Жарыс өткізілетін аумаққа кірер кезде қауіпсіздік қызметінің қызметкерлерінде бақылаудан (тексеруден) өтуге.
- 11.5. Құрылыстарға, жабдықтарға ұқыпты қарауға.
- 11.6. Әкімшіліктің, полицияның және тәртіпті, өрт қауіпсіздігін сақтауға жауапты өзге де адамдардың заңды ескертулері мен талаптарына бағынуға.
- 11.7. Көпшілік іс-шараларды өткізу кезінде көпшілік іс-шараларға қатысушыларға, қызмет көрсетуші персоналға, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауға жауапты лауазымды тұлғаларға құрметпен қарауға.
- 11.8. Айналасындағыларға қауіп төндіретін және экстремалды жағдай туғызуға қабілетті іс-әрекеттерге жол бермеуге.
- 11.9. Жас балаларды қараусыз қалдырмауға.
- 11.10. Іс-шаралар аяқталғаннан кейін үй-жайлар мен құрылыстардан ұйымдастырылған шығуды жүзеге асыруға.
- 11.11. Арнайы бөлінген орындарда автокөлік қоюға.
- 11.12. Қонақтар мен қатысушылардың денсаулығы мен өмір сүру қауіпсіздігі тәуекеліне ұшырайтын кез келген жағдайлар туындаған кезде іс-шара ұйымдастырушыларын дереу хабардар етуге.
- 11.13. Эвакуация туралы ақпарат алған кезде әкімшілік және құқық қорғау органдарының құқық тәртібін қамтамасыз етуге жауапты қызметкерлерінің нұсқауларына сәйкес тыныштықты сақтай отырып және үрей туғызбай әрекет етуге.

Келушілерге және конкурсқа қатысушыларға тыйым салынады:

- 11.14. Ұйымдастыру комитетінің рұқсатынсыз бейне және фототүсірілім жүргізуге.
- 11.15. Атыс және суық қаруды, өрттенгіш, жарылғыш, улы, иісті, есірткі заттарын, алкогольді ішімдіктерді, сондай-ақ шыны ыдыстағы сусындарды кіргізуге.
- 11.16. Бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде баспалдақтарда немесе люктерде болуға, аренаға шығуға, сондай-ақ бұқаралық іс-шараларға қатысушылардың жүріп-тұруына кедергі жасауға.
- 11.17. Спирттік ішімдіктерді ішуге, мас күйінде бұқаралық іс-шараға баруға.
- 11.18. Барлық ішкі бөлмелерде жарыстар өтетін орындарда темекі шегуге.
- 11.19. Адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық имандылығын қорлайтын айыптауларға немесе өзге де әрекеттерге жол беруге.
- 11.20. Аренаға, сахнаға және мінбеге қандай да бір тәсілмен залал келтіруі мүмкін кез келген заттарды лақтыруға, сондай-ақ іс-шараны өткізу кезінде өту жолдарында, баспалдақтарда немесе люктерде болуға.
- 11.21. Қоршауларға, парашюттерге, жарық беретін құрылғыларға, теледидар түсірілімдеріне арналған алаңдарға, ағаштарға, дінгектерге, шатырларға және көтергіш конструкцияларға кіруге, объект әкімшілігінің рұқсатынсыз аренада, сахнада, төрешілер бөлмелерінде және басқа да қызметтік және техникалық үй-жайларда болуға.
- 11.22. Қауіпті жағдайда адамдардың қалыпты өтуі үшін және эвакуациялау үшін кедергілер жасауға.

- 11.23. Жабдықтарды, техникалық құралдар мен тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін, құрылысты безендіру элементтерін, өзге де құрал-саймандарды, жасыл желектерді зақымдауға.
- 11.24. Жаппай іс-шараға жануарлармен өтуге.
- 11.25. Әкімшіліктің жазбаша рұқсатынсыз сауда жасауға, жазбалар жазуға және хабарландыруларды, плакаттарды және ақпараттық мазмұндағы басқа да өнімдерді жапсыруға.

12. ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- 12.1. Байқауды өткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуді Жарыстарды ұйымдастырушылардың тапсырмасы бойынша қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері жүзеге асырады.
- 12.2. Жеке басының қауіпсіздігіне, мүлік пен зияткерлік меншіктің сақталуына және жеке құжаттамасына қатысты барлық мәселелерді жарысқа қатысушылар өз бетінше шешеді.
- 12.3. Қатысушылардың міндетті түрде жеке басын куәландыратын құжаттары (ҚР заңдарына сәйкес) және медициналық анықтамасы болуы тиіс.
- 12.4. Қатысушылар қауіпсіздік қызметі қызметкерлерінің талаптарын сақтауы тиіс.
- 12.5. 18 жасқа дейінгі балалар ересектердің еріп жүруімен немесе жаттықтырушылармен, еріп жүруші немесе оған уәкілетті тұлғалармен еріп жүретін топтар мен командалардың құрамында болуы тиіс.

13. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

- 13.1. Байқауды дайындау және өткізуге байланысты барлық шығындарды, демеушілік көмек тарту арқылы, Ұйымдастырушы өзіне алады.
-

№1 қосымша Титулдық парақ

Павлодар қаласының № 1 орта жалпы білім беру мектебі

ЖОБА

«РОБОТТАЛҒАН ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖҮЙЕСІ»

Әзірлеген(дер):

Иванов Антон, 11Б сынып оқушысы,

АйтовАлибек, 10А сынып оқушысы

Ғылыми жетекші:

Әкімов Ерлан Манапұлы,

№35 ЖОМ физика оқытушысы

2019 ж.